

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандагы
№ 51 бүйрүғына 10-косымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы З сәуірдегі
№ 115 бүйрүғына 555 -косымша

**Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш
білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабы 6) тармакшасына сәйкес өзірленген.

2. Бағдарлама максаты – білім алушылардың табигат туралы қарапайым түсініктерді игеруі, олардың коршаған ортадағы заттар мен құбылыстары туралы түсініктерін жүйелеу; коршаған ортадағы құбылыстары мен заттарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

- 1) жалпы мен сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету;
- 2) коршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және байыту;
- 3) өзге оқу пәндерін игеруге қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;
- 4) көріп қабыдау, салыстыру, жалпылау, нактылау, қарапайым тұжырымдар жасай алу, қарапайым себеп-салдарлық байланысты орната алу қабілетін дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

-) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
-) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
-) өзінің және өзге халықтың мәдениеті мен дәстүрін, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды сыйлау сезіміне тәрбиелеу;
- білім алушыларға табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы қауіпсіздік ережелері мен мінез-құлық нормаларын үйрету.